



**AlcoStop 2010**

**JUSTEC**

Сіз үшін арнайы құралған технология



**Этанол буын талдағыш AlcoStop 2010 моделі**

**ДЕМ ШЫҒАРҒАН АУАДАҒЫ АЛКОГОЛЬ ШОҒЫРЛАНУЫН  
ӨЛШЕУШІ ҚҰРАЛ**

**ҚОЛДАНУ НҰСҚАУЫ V3.5**

## МАЗМҰНЫ

<b>1. ПАЙДАЛАНУДЫ БАСТАМАС БҰРЫН .....</b>	<b>3</b>
<b>2. ҚҰРЫЛҒЫ ТУРАЛЫ .....</b>	<b>3</b>
<b>3. ҚОЛДАНУ .....</b>	<b>3</b>
<b>4. БЕЛГІЛЕУЛЕР</b>	<b>4</b>
4.1 Алдынан қарағандағы түрі	4
4.2 Заттаңбадағы белгілеулер	5
<b>5. ПАЙДАЛАНУҒА ДАЙЫНДЫҚ</b>	<b>5</b>
5.1 Жаңа құрылғыны іске қосу	5
5.2 Бұрын пайдаланылған құрылғыны іске қосу	5
<b>6. БЕЛСЕНДІ РЕЖИМДЕГІ ЖҰМЫС</b>	<b>5</b>
6.1 Өлшеулерді жүзеге асыру қағидалары	5
6.2 Белсенді режимде өлшеулерді жүзеге асыру	6
6.2.1 Талаптар	6
6.2.2 Өлшеулер	6
6.3 Өшіру	7
6.4 Апаттық өшу	8
6.4.1 Желдету қатаелігі	8
6.4.2 Аккумулятордың төмен қуат көзі	8
<b>7. МӘЛІМЕТТЕРДІ САҚТАУ ҮШІН ЖАДЫ</b>	<b>8</b>
<b>8. БАСТЫ МӘЗІР</b>	<b>9</b>
8.1 Белсенді режим	9
8.2 Тарихи мәліметтер	10
8.3 Баптаулар	10
8.3.1 Күні және уақыты	11
8.3.2 Өлшеу бірліктері	11
8.3.3 Калибрлеу туралы хабарлама	11
8.3.4 Қызмет көрсету	12
<b>9. ТАЗАЛАУ</b>	<b>12</b>
9.1 Жалпы күтім	12
9.2 USB порт	12
<b>10. АККУМУЛЯТОРДЫҢ ҚУАТ КӨЗІ</b>	<b>12</b>
10.1 Аккумулятордың қуат көзі индикаторы	12
10.2 Аккумуляторды қуат көзімен толтыру бойынша нұсқаулық	13
<b>11. КАЛИБРЛЕУ</b>	<b>13</b>
<b>12. ҚАТЕЛЕР ЖӘНЕ ОЛАРДЫ ТҮЗЕТУ</b>	<b>14</b>
<b>13. ТЕХНИКАЛЫҚ СИПАТТАМАЛАР</b>	<b>15</b>
<b>14. ТАСЫМАЛДАУ ЖИЫНТЫҒЫ</b>	<b>16</b>

## **1 Пайдалануды бастамас бұрын**

### **Құралды пайдаланбастан бұрын осы нұсқаулықпен мұқият танысып шығыңыз!**

Құралдың жұмыс істеуі оны пайдалану және техникалық қызмет көрсетуге байланысты.

Құралды калибрлеу және техникалық қызмет көрсету кәсіби білікті қызметкерлермен жергілікті органдарының талаптарына сәйкес жүзеге асырылуы тиіс.

Техникалық қызмет көрсету тек уәкілетті қызмет көрсету қызметкерлерімен ғана жүргізілуі тиіс.

Жөндеу жұмыстары үшін тек түпнұсқалық қосалқы бөлшектерді ғана қолдану қажет, ол Shenzhen Intermed Co., Ltd шығарылады.

Құралда қолданылатын сенсор химиялық материалдардан тұрады, соған байланысты оны жою жергілікті талаптарға байланысты жүзеге асырылады.

## **2. Құрал туралы**

AlcoStop 2010 этанол буы анализаторларының жаңа буыны болып табылады. Бұл құралда жаңа технологиялар пайдаланылған.

AlcoStop 2010 электрохимиялық торкөз негізіндегі сенсорды пайдаланады, ол басқа заттармен реакцияға түспейді.

Желдету кезінде құрал келген ауа көлемін бақылайды және анықтайды, ол өз кезегінде сенсорға өкпенің терең бөлігенен ауа жібереді, соның арқасында қандағы алкоголь құрамы дұрыс анықталады.

AlcoStop 2010 пайдалануда қарапайым - басқару барлығы 3 бастырма арқылы жүзеге асырылады. Құрал 30 000 мәліметті сақтауға арналған жады және USB-портпен жабдықталған. ДК үшін бағдарламалық қамтамасыз етулер тұтынушы үшін құралға техникалық қызмет етуге және оны баптауға мүмкіндік береді.

## **3. Қолдану**

AlcoStop 2010 адамға жұтқан ауа көлеміндегі алкогольдің көлемін нақты және дәл анықтауға мүмкіндік береді, соның нәтижесінде алкогольге кәсіби тексеруге мүмкіндік жасайды.

#### 4. Белгілеулер


##### 4.1 Алдынан қарағандағы түрі



Сур. 1 Алдынан қарағандағы түрі

№	Маңызы	№	Маңызы
1	Мундштукқа арналған порт	5	USB порт
2	Дисплей мәзірінің бастырмасы	6	Бауға арналған бекіткіш
3	"Солға" бастырмасы	7	"Оңға" бастырмасы
4	Қосылу бастырмасы	8	Дыбыстау саңылауы

## 4.2 Заттаңбадағы белгілер

Белгілер	Маңызы
	Назар аударыңыз!
	Шығарылған күні
<b>PN</b>	Партия номері
<b>SN</b>	Сериялық номері

## 5 Пайдалануға дайындық

### 5.1 Жаңа құрылғыны іске қосу

Тұтунушыға жеткізілместен бұрын Alco Stop талаптарға сәйкес калибрленеді.

### 5.2 Пайдалануда болған құралды іске қосу

Пайдаланудан бұрын құрал калибрленуі керек. Егер калибрлеу уақыты біткен болса, құралды пайдалануға болмайды.

## 6. Белсенді режимдегі жұмыс

Белсенді режимде құрал алкагол құрамын жоғары дәлдікпен анықтайды. Аталған режимде ауа үлгісін өкпенің терең бөліген алу арқылы қамтамасыз етіледі.

### 6.1 Өлшеу жүргізу қағидалары

Қуаттау бастырмасын басыңыз және 1 секунд бойы басып тұрыңыз, құрал іске қосылады. Құрал қосылғаннан кейін өзін-өзі тексереді. Осы тексеру кезінде құрал логотипі, бағдарламалық қамтамасыз ету нұсқасы, сонымен бірге келесі калибрлеу күні мен уақыты экранда көрінеді.



(Суреттегі жазулар: JUSTES,AlcoStop 2010, 1.20 нұсқасы, өзін-өзі тестілеу, калибрлеу уақыты: 12-24-2010)

Өзін-өзі тексеру аяқталған соң құрал өлшеулер жүргізуге дайын.



(суреттегі жазу: 1 белсенді режим, Дайын)

## 6.2 Белсенді режимдегі өлшеулер жүргізу

### 6.2.1 Талаптар

Алкагол қалдығы ауызда қалғанда құрал дұрыс емес мән беруі мүмкін. Тест жүргізуді бастамас бұрын тестіленетін субъект дәл соның алдында алкаголь ішпегеніне көз жеткізіңіз. Әйтпегенде, тесті 15 минут кейін жүргізу қажет.

Темекі шегу құралды бұзу мүмкін немесе қате нәтижелерге әкелуі мүмкін. Өлшеуді бастар алдында темекі шегуге болмайды. Егер тестіленетін субъект темекі шеккен болса, өлшеуді бастамас бұрын 2 минут күте тұру қажет.

### 6.2.2 Өлшеулер


#### Мундштукты орнату

Мундштукқа үрлемес бұрын сәйкесінше порт орнатылуы керек. Мундштук бір реттік қолдануды білдіретін бөлшек болып табылады.

#### Үрлеу

Үрлеу кезінде дыбыстық белгі беріледі, тестіленетін тұлға жеткілікті мөлшердегі ауаны құралға үрлеуі керек.


Енгізуші саңылау үрлеу кезінде ашық тұрғанына назар аударыңыз. Үрлеу кезінде экранда келесідей ақпарат бейнеленеді:



(суреттегі жазу: 1 белсенді режим, үрлеу)


Ауа талдамасынан кейін, экранда келесідей жазу шығады:





(Суреттегі жазу: 1 белсенді режим, BAC 10 мг/100 мл, жазба номері: 414, 27.03.2010 ж. 19:30)


Мәліметтер ішкі флеш-жадыда сақталады. Қуат көзі өшірілгеннен кейін мәліметтер сақталады. Егер өлшенген мәліметтер (0-5,5 %< >) диапазонынан үлкен болса, дисплейде келесідей хабарлама шығады:



(суреттегі жазулар: BAC, > 550 мг/100 мл, жазба номері: 414, 27.03.2010 ж. 19:30)

### 6.3 Өшіру

Қуаттау бастырмасын басқаннан кейін және оны 3 секунд бойы ұстап тұрса, экранда келесідей жазулар шығады:



(суреттегі жазу:3 өшіру, 1 өшіру)

Егер құрал 2,5 минут бойы қолданылмаса, ол автоматты түрде өшіп қалады.

## 6.4 Апаттық өшу

### 6.4.1 Желдету қатаелігі


Егер тестіленетін тұлға құралға жеткілікті мөлшердегі газды үрлемесе, дисплейде үрлеу қателігі көрсетіледі.



(суреттегі жазу: 1 беленді режим, үрлеу қателігі)

### 6.4.2 Аккумулятордың төмен қуат көзі

Аккумулятордың төмен қуат көзінде келесідей хабарлама шығады: дисплейде Please Charge (өіінесін, аккумуляторды қуаттандырыңыз) деген жазу көрінеді. Құрал 10 минуттан кейін өшеді.



(суреттегі жазу: аккумулятордың төмен қуаты)


## 7. Мәліметтер сақтауға арналған жады

Құрал 10 000 өлшеулерді, сонымен бірге көрсеткіштерін, күні, уақыты және жазба номерін сақтап тұра алады.

Флеш-жадыдағы мәліметтер қуаттан өшірілсе де сақтаулы тұрады.

Флеш-жады толған жағдайда мәліметтер қайта жазылады, бірақ одан бұрын ескертпе шығады. Алғашқы жазба жады толған жағдайда жаңа жазбамен айырбасталады.

Флеш-жады 90 % толған жағдайда дисплейде келесідей хабарлама көрінеді:



(Суреттегі жазу: мәліметтер сақтау үшін жад 90 % толған)



Жады толығымен толса, келесі хабарлама шығады:



(суреттегі жазу: мәліметтер сақтауға арналған жады толған)

Тұтынушы құралды ары қарай пайдаланбастан бұрын хабарламаны оқығанын растауы керек.

### 8.Басты мәзір

Құрал қосылғаннан кейін ол автоматты түрде белсенді режимге кіреді.



"Мәзір"бастырмасын басқаннан кейін, дисплейде мәзірдің келесідей опцийлері көрінеді:



(суреттегі жазу: 1 белсендірежим, 2 тарихи мәліметтер, 3 реттеулер, ок)

#### 8.1 Белсенді режим

Белсенді режимде пайдаланушы дыбыстық белгі тоқтағанға дейін 1,0 литр үрлеуі керек. Содан кейін келесідей экран пайда болады:



(суреттегі жазу: 1 белсенді режим, дайын)

Ал содан кейін нәтиже шығады:




(Суреттегі жазу: ВАС 10 мг/100 мл, жазба номері: 414, 27.03.2010 ж. 19:32)  
Құрылғыға жеткілікті мөлшерде ауа үрленбеген жағдайда келесідей хабарлама көрінеді:



### 8.2 Тарихи мәліметтер

Мәліметтер тарихы сақталады (көрсетулер, күні және уақыты, сонымен бірге жазба номері). Арнайы мәзірден пайдаланушы кез-келгенөлшеуді таба алады.




(суреттегі жазу: белсендірежим, 10 мг/100 мл, жазба реті 414, 27.03.2010 ж., 19:32)

Соңғы өлшенген мәлімет дисплейде бейнеленеді.

Жоғары және төмен бастырмалары арқылы кез-келген нәтижені таңдауға және басып шығаруға болады.


### 8.3 Баптаулар

Мәзірдегі "Setting" (реттеулер) арқылы құралдың қызметін орнатуға және өзгертуге болады.



(суреттегі жазу: 3.1 күні/уақыты, 3.2 өлшеу бірліктері, 3.3 калибрлеу туралы ескертпе, 3.4 қызмет көрсету)

### 8.3.1 Күні және уақыты




(суреттегі жазу: жыл:12, ай:01, күн 24, уақыты:17, минуты: 37).

Жоғары және төмен бастырмалары арқылы күн мен уақытты өзгертуге болады.

### 8.2.2 Өлшеу бірліктері

Мұқият өлшеу бірліктерін таңдаңыз. Өлшеу бірліктерін қателесіп таңдағанда, сіз қате шешім қабылдауыңыз мүмкін.




(суреттегі жазу: % 0Bac, мг/100 мл BAC; BAC =қан құрамындағы алкаголь, BrAC=жұтатын ауадағы алкаголь мөлшері)

### 8.3.3 Калибрлеу туралы хабарлама

Егер пайдаланушы осы мәзірдегі "Off" (өшір) бастымасын таңдап алса, құрал қосылғаннан кейін калибрлеу туралы ақпаратты көрсетпейтін болады.


егер On (қосулы) таңдап алынса, құрал жыл сайынғы калибрлеу уақытын ескертіп тұрады.



(суреттегі жазу: өшір, қосу/оңлы, ок)

### 8.3.4 Қызмет көрсету

Осы мәзір құпия сөзбен қорғалған, аталған құпия сөзге тек уәкілетті қызметшілердің ғана қол жетімді.



(Суреттегі жазу: PIN теріңіз код 02 -----)

## 9 Тазалау

### 9.1 Жалпы күтім

Құралды тазалау үшін тек жұмсақ тазаулаушы құрал ғана пайдаланылады.

Органикалық ерітінділер, мысалы, спирт, ацетон, скипидар және т.б. пайдалануға тиім салынады.

Құралдың ішіне су кіріп кетпеуін қадағалаңыз.


### 9.2 USB-порт

USB-порт су кіруі мен ластануын болдырмаңыз.

## 10. Аккумуляторды қуаттау


### 10.1 Аккумулятор қуатының индикаторы

Жоғарыдағы сол жақ бөлігінде аккумулятордың қуат көзі индикаторы орналасқан.



(суреттегі жазу: 1 белсенді режим, Дайын)

Аккумулятордың қуаты төмен болған жағдайда, аккумуляторды қуат көзіне қосу туралы хабарлама шығады.



(Суреттегі жазу: аккумулятордың қуат көзі төмен)

## 10.2 Аккумуляторды қуат көзіне қосу бойынша нұсқаулық

USB қуаттау құралы қосыңыз немесе от алдырғыштың қуаттау құралын қосыңыз. Келесдей жазба пайда болады: "charging" (қуатталуда)



(суреттегі жазу: қуатталуда)

Қуаттау аяқталған соң келесі бейнеленеді:







(суреттегі жазу: қуаттау аяқталды)

## 11. Калибрлеу

Әрбір алты ай сайын құралды калибрлеу жүргізілуі тиіс немесе еге уәкілетті органдар талап етсе одан да жиі мерзімде калибрлейді. Калибрлеу құралдың дәл өлшеуі үшін қажет. Калибрлеу кәсіби білікті маманмен жүргізіледі.

## 12. Қателер және оларды түзету жолдары

Қате туралы хабарлама	Себебі	
<b>Тұтынушы кінәсы бойынша</b>		
 <p>1 Active mode Blow failure</p>	Үрлеу тоқтатылды	Әрекетті қайталаңыз, онда көлем 1,0 литрге жетуі керек.
Құрал бұзылған, бірақ нәтижеге жағымсыз ықпал ету байқалмайды.		
 <p>Error Date and time</p>	Күні және уақыты белгіленбеген	Өлшеу нәтижелеріне әсер етпейді. Бұл қате қайталанып кездескен жағдайда басқа қызмет көрсету бөліміне хабарласыңыз.
Құрылғы бұзылған, нәтиженің дұрыс шығуына кедергі жасалған		

 <p>Error Sample system</p>	Сынама таңдау жүйесіндегі қателіктер	Басқа өлшеу жүргізіңіз. Бұл қате қайталанып кездесе, қызмет көрсету бөліміне хабарласыңыз
 <p>Error Data memory</p>		Мүмкін жаңа күн жазылмауы мүмкін, ал ескісі - оқылмауы мүмкін. Осы қателік туралы қайталап кездесе, қызмет көрсету орталығының бөлімшесіне жүгініңіз.

### 13. Техникалық сипаттама

<p><b>Құрал:</b>  Өлшеу режимі  Өлшеу диапазоны</p> <p>Қателіктер:  0-ден 100 (мг/100 мл) дейін  100-ден 200 (мг/100мл)  200 (100/мл )артық</p> <p><b>Жағдайы:</b>  Жұмыс температураларының аралығы:  Сақтау температурасының диапазоны:  Қысым:  Салыстырмалыылғалдық:  Ең төмен жұтатын көлем:  Акумулятор:  Қуаттаудан кейін өлшеулер саны  ДК қосылу  Өлшемі(Дх ШхВ):  Салмағы</p>	<p>Белсенді режим  0-ден 550 (мг/100мл) этанолдың қан құрамындағы мөлшері</p> <p>±15 мг/100 мл  ±21%  ±34%</p> <p>15°С-ден 40°С дейін</p> <p>Минус 20 °С 60°С дейін</p> <p>600 гПа-дан 1400гПа дейін  20%-дан 98%-5а дейін</p> <p>1,0 л  Литий аккумуляторы, 1200 мА/сағ  2000 кеме емес  USB  145мм х80 ммх31 мм  150 г, аккумулятордық осап есептегенде</p>
<p><b>Басқа көрсеткіштер</b></p> <p>Алдын-ала ысыту уақыты  Нольге қайталап қою  Алдыңғы өлшеу 0 мг/100мл;  Алдыңғы өлшеу 100 мг/100 мл;  Алдыңғы өлшеулер 100 мг/100 мл</p> <p>Сенсор түрі  Жоюары сезімталдық</p>	<p>Шамамен 6 секунд</p> <p>Шамамен 4 секунд  Шамамен 8 секунд  Шамамен 10 сек</p> <p>Электрохимиялық тор негізінде  Жок</p>
<p>Мундштуктер:  Өлшем бірліктері:  Интерфейс:  Бастырмалар  Қуат көзін үнемдеу</p>	<p>Бір реттік, бір пайдалану  %ВАСҒ мг/л ВгFC, мг/млВАС  Мәзір жұмысы  3  2,5 минут әрекетсіздіктен кейін өз автоматты түрде өшеді</p>
<p>Дисплей:  Жады:  Бағдарламалық қамтамасыз етулері  Калибрлеу</p>	<p>1,29 дюймдік түсті дисплей  30 000 текстен көп, күні мен уақыты, алкагол мөлшері көрсетілген  ДК мәліметінің менеджері  Әрбір 12 ай сайын немесе жергілікті органдардың талаптары бойынша</p>

#### **14. Тасымадау жиынтығы**

1. Этанол буының анализаторы - 1 дана
2. Қуаттау құралы - 1 дана;
3. USB сым- 1 дана;
4. Мундштук - 3 дана;
5. Аккумулятор - 1 дана (анализатор ішінде)
6. пайдалану бойынша гүксаулық 1 дана

Өндіруші кәсіпорын: Компания Justec Shen Zhen CO., Ltd, Гонгконг.

Жеткізуші: «Медицинские газовые системы» жауапкершілігі шектеулі серіктестік, 050040, Алматы қаласы Коктем-2 микроауданы, 11А, 3 кеңсе Тел: 8(727) 387-20-31, 8(727)262-20-83. [www.alcotester.kz](http://www.alcotester.kz)

Кепілдік шарттары Кепілдік қағазында және оған қосымша берілген шарттарда белгіленген. Қазақстандағы қызмет көрсету орталығы: «Agilent Service» ЖШС, Веб-сайт: <http://www.alcotester.kz> ; e-mail: [info@alcotester.kz](mailto:info@alcotester.kz)